


КЕЛІСІЛДІ

Тәрбие ісінің меңгерушісі

 Искаков А.А.

«29» тамыз 2024 жыл



БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры

 Ганеев Т.М.

«29» тамыз 2024 жыл

Ақмола облысы Целиноград ауданы

«Шалқар ауылының ЖОББМ» КММ

2024-2025 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтың жылдық

ЖОСПАРЫ

Әлеуметтік педагог: Қойлыбаева А.А.

Мақсаты — баланың жеке басының дамуына қолайлы жағдай жасау; баланы әлеуметтік қорғау, оған әлеуметтік көмек көрсету, оны сауықтыру мен қоғамға бейімдеу жұмыстарын ұйымдастыруға үйрету, мейірімділік пен өзара қамқорлық атмосферасын құруға көмек.

Міндеттері:

- Оқушылар ұжымындағы әлеуметтік-психологиялық жағдайды жақсарту;
- Қамқорлықтағы балаларды, денсаулығы бұзылған, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды табысты әлеуметтендіруге ықпал ету;
- Оқуда, қарым-қатынаста, бейімделуде қиындықтары бар балаларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету;
- Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, өмірлік маңызды міндеттерді шешуге үйрету, оқушыларды әлеуметтік маңызды іс-әрекетке қосу;
- Ата-аналарға консультациялық көмек көрсету және баланың әлеуметтік-педагогикалық проблемаларын шешу және тәрбиелеу мәселелерінде олардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- Ата-аналарға, оқушыларға құқықтық білім беру.
- салауатты өмір салтын насихаттау, зиянды әдеттерге теріс қарым-қатынас қалыптастыру.

№ p/c	Іс – шаралар	Орындалу мерзімі	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
I. Сыныптың, мектептің әлеуметтік құжаттануын жүргізу				
1	Сынып жетекшілерінің сыныптың әлеуметтік төлқұжаттарын толтыруын ұйымдастыру	қыркүйек	Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А.	Сыныптың әлеуметтік картасы
2	Ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балалардың бос уақытын ұйымдастыру	Жазғы кезеңде "Чайка" лагеріне және шатырлы лагерьлерге катысу	Әлеуметтік педагог- Қойлыбаева А.А. ТІЖ орынбасары – Исаков А.А	дәптер
3	Мектептің әлеуметтік төлқұжаттарын дайындау	қыркүйек - қазан	әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А.	Мектептің әлеуметтік төлқұжаты
4	Жеңілдетілген санаттарды анықтау және мектептің әлеуметтік портретін құру мақсатында сынып төлқұжаттарына талдау жасау	Қазан, қантар	Әлеуметтік педагог	Әлеуметтік төлқұжаттар папкасы

5	Деректер банкін жаңарту және әлеуметтік мәртебе бойынша балалардың тізімін қалыптастыру: көп балалы отбасылар, аз қамтылған отбасылар, тұрмысы нашар отбасылар, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, патронат отбасылардың балалары, мүгедек балалар, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар	Қыркүйек-қаңтар	Қойлыбаева А.А. Әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А. Сынып жетекшілері	Санаттар бойынша тізімдер
---	--	-----------------	---	---------------------------

II. Бала құқығын қорғау туралы жұмыстар

1	ЕБҚБ (ерекше білімге қажеттілігі бар) оқушыларды психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияға өтуге құжаттарын дайындау, оларды қолдау	ПМПК кестесі бойынша.	Психологиялық-қолдау қызметі мамандары, сынып жетекшілері.	Тізімдер құру, ПМПК қорытындысы
2	Қамқоршылардың қамқорлыққа алынушылармен өзара қарым-қатынасын бақылау мақсатында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың пәтерлеріне бару, тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру, қамқорлық-қорғаншылық бөліміне есеп тапсыру.	Кесте бойынша (жылына екі рет)	Әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А.	Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру актілері(акт ЖБУ), қамқоршының себі
3	Жалпыға міндетті оқу қорынан тегін ыстық тамақтануға құжаттарды қабылдауды сүйемелдеу. Жекеленген санаттардан, яғни табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан, жетім балалар мен аз	Жыл бойы	әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А.	Тізім, Қызмет көрсету журналына тіркеу

	камтылған отбасылардан шыққан балаларды тегін тамактандыру тізімін құрастыру.			
4	БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясын зерделеу: Біздің құқықтарымыз және біздің міндеттеріміз " (1-11 сынып) атты сынып сағатын өткізу	Караша	әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А., сынып жетекшілер	Әзірлемелер
5	Мектепшілік есепте тұратын оқушылардың, жетім балалар мен ата-анасының камқорлығынсыз қалған және девиантты мінез-құлықты балалардың сабақтан тыс іс-әрекетінің(үйірмелерде, секцияларда) ұйымдастырылуын бақылау	Жыл бойы	әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А., сынып жетекшілер	Тізім график
6	Сәтсіз отбасындағы балалардың тұрғын үй қажетінше жағдайларын зерттеу		әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А., сынып жетекшілер	Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру актілері(акт ЖБУ),
7	«Мектепке жол» Республикалық акциясы	Тамыз қыркүйек	әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А.	Ақпарат
8	Әлеуметтік осал топтан шыққан оқушыларды жана жылдық мерекеге қатыстыру	Желтоқсан	Әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А., директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Искаков А.А.	Анықтама, фотоесеп
9	Әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларын жазғы қаладан тыс лагерьлерде демалумен камтамасыз етуін ұйымдастыру	Маусым Шілде	Әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А., директордың тәрбие ісі жөніндегі	тізім

10	Әлеуметтік осал топтан шыққан оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін ұйымдастыруды бақылау.	күнделікті	орынбасары Искаков А.А. әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А., сынып жетекшілер	Тамақтану табелі
----	---	------------	--	------------------

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жүргізілетін жеке алдын алу жұмыстары

1	Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмысына қатысу	кажетінше	Алдын алу кеңесінің қатысушылары	Хаттамалар
2	Әр түрлі есепте(мектепшілік, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекция есебінде) тұратын балалар туралы мәліметтер базасын қалыптастыру, құжаттар рәсімдеу.	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Искаков А.А., әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А. Педагог-психолог инспекторлар	Тізім Есепте тұрғандардың жеке істері (мінездеме, акпарат, акт ЖБУ)
3	Әр түрлі есепте(мектепшілік, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекция есебінде) тұратын оқушылармен профилактикалық әңгімелесулер ұйымдастыру	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Искаков А.А., ППҚҚ	анықтама
4	«Буллинг және кибербуллинг»	Қыркүйек Қазан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Анықтама Ұсыныстар Жаднамалар

«Өркен» балалардың әл-аукатын арттыру ғылыми- практикалық институты ұсынған өзекті тақырыптарды қамтитын жаднамалармен балаларды таныстыру «Мектеп жарғысы мен тәртіп ережесі»	Қараша	Искакова А.А., әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А., сынып жетекшілер	әзірлемелер
«Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауапкершілігі»	Желтоқсан		
«Менің достарым – менің қорғаным» оқушылар арасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу лекциясы	Қаңтар		
«Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!»	Ақпан		
«Қауіпсіз ғаламтор»	Наурыз		
«Өркен» балалардың әл-аукатын арттыру ғылыми- практикалық институты ұсынған «Төтенше жағдайлар: білім ұйымдарына террористік шабуыл жасалғандағы іс-әрекет алгоритмі»	Сәуір		
«Зиянды әрекеттер» тақырыбында мектепшілік есепте тұрған оқушылармен профилактикалық әңгімелесулер өткізу	мамыр		

5	Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу туралы «ДосболLIKE» бағдарламасы бойынша анонимді сауалнамалар өткізу	Жоспар бойынша	әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А., сынып жетекшілер	талдау
6	Ерекше білімді қажет ететін балалармен «Өмір қандай тамаша!» тренингін өткізу	желтоқсан	әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А., сынып жетекшілер	анықтама
7	8-11 сынып аралығындағы қыздарға "Жасөспірімдердің жүктілігі және ана болу" тақырыбына бейнеролик көрсету және әңгімелесу	наурыз	Әлеуметтік педагог, Қойлыбаева А.А., Медбике Молдабаева Д.О.	Ақпарат фотоесеп

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

1	Оқушылар, ата-аналар мен педагогтерге мазалаған сұрақтары бойынша кеңестер беру	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А., Сынып жетекшілер	Ұсыныстар, кеңестер
2	Ерекше назарды қажет ететін оқушылармен жұмыс барысында туындайтын жанжалды жағдайларды шешу үшін мұғалімдермен бірлескен жұмыс.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А., директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Искаков А.А.	анықтама
3	Сынып жетекшілермен жиналыс Педагогикалық кеңес Директор жанындағы отырыс	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А., директордың тәрбие ісі жөніндегі	Ақпарат фотоесеп

орынбасары Исаков
А.А.

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

1	Ата-аналармен жеке кенестер жүргізу	Токсанына 1 рет	Әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А.	Кеңес беру журналы
2	Отбасына көмек беруге мамандандырылған ұйымдар туралы ата-аналарға ақпарат беру	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А.	Әзірлемелер, буклеттер
3	Мектеп әкімшілігінің, психологтің, әлеуметтік педагогтың қабылдау уақыты туралы оқу процесіне қатысушыларға (ата-аналар, педагогтар, оқушылар) ақпарат беру	Жыл бойы	Ганеев Т.М. Исаков А.А. Қойлыбаева А.А.	кестелер
4	Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналыстарына қатысу	Ата-аналар жиналысын өткізу жоспарына сай	Тәрбие ісі менгерушісі Исаков А.А. әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А., сынып жетекшілері,	Жиналыс хаттамасы

VI. Диагностикалау-талдау қызметі


1	Қиын өмірлік жағдайға тап болған оқушыларды анықтау және қолдау	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А., Сынып жетекшілері	Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру актілері(акт ЖБУ),
2	Білім алушыларды әлеуметтік қорғау және қолдау жөнінде шаралар қабылдау үшін әлеуметтік қызмет мамандарымен, ведомстволық және әкімшілік органдармен өзара іс-қимыл жасау	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог-Қойлыбаева А.А., сынып жетекшілер	Ақпарат

3	Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылындағы жұмысын талдау.	Мамыр	Әлеуметтік педагог-Қойлыбаева А.А., сынып жетекшілер	Есеп
4	2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жасау.	Мамыр	Әлеуметтік педагог-Қойлыбаева А.А., сынып жетекшілер	Бектілген жоспар
Әлеуметтік педагог: 				Қойлыбаева А.А.

Шалқар ауылының негізгі орта мектебінің әлеуметтік паспорты
2024-2025 оқу жылы

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
	Барлық оқушылар	124	100
	Отбасы түрі бойынша:		
		0	0
		83	66
1.	Толық отбасылар	13	10
2.	Толық емес отбасылар	0	0
3.	Анасы жоқ балалар	0	0
4.	Әкесі жоқ балалар	15	12
5.	Көп балалы отбасы	13	10
6.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	0	0
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	0	0
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	0	0
9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	0
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0
12.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0
	Ата-аналарының білімі:		
		62	50
1.	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	38	30
2.	Техникалық және кәсіптік	24	19
3.	Орта		

Әлеуметтік педагог



Қойлыбаева А.А.

**Шалқар ауылының жалпы білім беретін орта мектебі бойынша
2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың
жылдық жұмысының есебі**

Шалқар ауылының жалпы білім беретін орта мектебінде тамыз айының 31 - жұлдызында бекітілген №1 педагогикалық кеңестің бұйрығына сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары бекітілсе де, жұмыс одан бұрын басталып кетті.

2024 жылдың 1-тамызынан бастап жыл сайын өтетін дәстүрлі «Мектепке жол» атты жалпыреспубликалық акциясы «Мектепке жол – шекарасыз жақсылық» ұранымен бастауын алды.

Бұл акцияның мақсаты - аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан балаларға, жетім және ата-анасының қарауынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындық көрсету және қандай да бір әлеуметтік себептер салдарынан мектепке келмеуінің алдын алу. Осы мақсатта оқушыларға оқу жылына дайындық жасауына көмек көрсетуге ауылымыздағы жеке кәсіпкерлер, меценаттар, жалпы жаны жомарт адамдарға үндеу тасталды. Мектептің тәрбие ісі меңгерушісі мен әлеуметтік педагог ауылдағы дүкендер мен аялдамаларға хабарландырулар іліп, дүкен иелерімен осы тақырыпта әңгімелесулер жүргізді.

2024-2025 оқу жылы барысында әлеуметтік осал топтан шыққан, көпбалалы отбасылардың балаларына қолдау көрсету мақсатында мектебімізден 4 оқушы (Мәди Абай, Кабдулла Максат, Кабкен Ақниет, Ғалым Адия) қала сыртындағы «Чайка» жазғы лагеріне жіберілді. Лагерь жұмысы 2025 жылдың 1 шілдесінен 10 шілдесіне дейін ұйымдастырылды. Оқушылар аталған кезеңде түрлі танымдық, спорттық және мәдени шараларға қатысып, қызықты әрі пайдалы демалыс өткізді.

«Сокол» жазғы лагеріне мектебімізден 2 (Дюсенбай Айару, Тілеубай Айтумар) үздік оқушысы жіберілді.

Балалардың бос уақытын тиімді өткізу, жаңа достар табу, шығармашылық қабілеттерін дамытуға зор мүмкіндік берілді. Сондай-ақ, лагерьде тәлім-тәрбиелік іс-шаралар, спорттық жарыстар және ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылды.

Жеке кәсіпкерлер 1- сыныпқа баратын 6 балаға (Дүйсен Кенесары, Смайлов Максат, Жанат Шамиль, Дулат Айару, Куаныш Бекнур, Қайрат Ақниет) 20000 теңгелік оқу құралдары салынған мектеп сөмкелерін сыйға берді.

Целиноград аудандық білім бөлімінің кәсіподақ ұйымы тарапынан көп балалы отбасы, толық емес отбасының тұрғыны Ахмедина Жанар апайға осы акция аясында 10000 теңге ақшалай көмек көрсетілді.

Мектеп асханасын жалға алушы жеке кәсіпкер Шкурко Марина Викторовна мектебіміздің көпбалалы отбасылардан шыққан 1 оқушыға (бір жыл бойы тегін ыстық тамақ ретінде демеушілік көмек көрсетеді.

Қорытындылайтын болсақ, бюджет қаржысы есебінен, яғни Жаппай оқытумен қамту қоры есебінен 51 балаға әрқайсына 43 407 теңгеден 2213757 теңге берілді.

Оқу жылының басында оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әлеуметтік жағдайларына қарай тізімдер жасалып, мектеп директорымен бекітіліп, ауылдық округтің әкіміне қол қойдырылды. Көпбалалы отбасындағы оқушылар саны 51 бала (18отбасы), аз қамтылған отбасы -1, ондағы оқушылар саны 2 бала (Асанов Родион, Асанов Кирилл); толық емес отбасы - 5, одан шыққан бала саны -8(әкесі жоқ отбасындағы балалар -8)

Балаларды саналы тәрбиелеу, оларға лайық білім беру, оқулық пен тегін тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары да мектеп әкімшілігінің қатаң қадағалауында. «Мектеп – оқушы -ата-ана» үштігін нығайту мақсатында 2024 жылдың 27 қыркүйек күні мектебімізде мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы болды. Бұл жиналыста әлеуметтік педагог «Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны» тақырыбында баяндамамен ата-аналарды таныстырды. Жылдағы дәстүрге айналған қазан айында өткізілетін «29 қазан-

Қамқоршылар күні» іс-шарасы мектебімізде өткізілді. Бұл мереке қамқоршылар мен олардың отбасында ата – ана жылуын тапқан жетім балалар үшін алғашқы қайырымдылық шара болып табылады. Өскелең жас ұрпақты мейірімділік пен жанашырлыққа баулу мақсатында осы күні әлеуметтік педагог Қойлыбаева А.А. 7- сынып оқушылары арасында «29 қазан – Қамқоршылар мен патрионаттық тәрбиешілер күні» атты танымдық – ағартушылық шара өткізді. Балалармен «Қамқоршы деген кім? Қайырымдылық дегеніміз не?» деген мағынада тәрбиелік мәні зор әңгімелесу болды. Оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары да өз ретінде атқарылып отырды. Жаппай қамту қоры есебінен әлеуметтік осал топқа жататын отбасыдан шыққан балалар күнделікті бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.. Олар egov.kz электронды сайты арқылы онлайн түрде өтінім беріп, оң нәтижелі жауап берілу арқылы осындай көмекке ие болды. Мектебімізде бүгінгі таңда Жаппай қамту қоры есебінен әлеуметтік яғни 1-4 сыныптардан 47 оқушы және жалпы 5 оқушы тегін тамақтанып, 45,6% көрсеткішті көрсетіп тұр. Балалардың күнделікті ас мәзіріне сай ішкен тамақтары, асхананың санитарлық жағдайлары ерекше назарда. Тамақтануды қатаң қадағалау, Мектеп асханасының тазалығын тексеру, мектепте тамақтандыруды ұйымдастыруды жетілдіру арқылы оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту - тамақтану сапасын мониторингтау комиссиясының негізгі міндеттерінің бірі. Ол мына құрамда жұмыс жасайды:

Комиссия төрағасы – мектеп директоры Ганеев Т.М.

Комиссия мүшелері:

Ата-аналар комитетінің төрағасы:

Жаймағанбетова Анаргүль Байянбайевна

Қамқоршылық Кеңес мүшесі:

Хамитова Дария Тлеулыевна

Закарьянов Дабылхан Нуриденович

Қойлыбаев Галым Жаксылыкович

Тасимова Рысты Рамазановна

Касенова Жумагуль Сериковна

Тәрбие ісі меңгерушісі: Искаков Абильмансур Айболович

Медбике: Молдабаева Дамира Омирбековна

Әлеуметтік педагог: Қойлыбаева Асель Айтбаевна

Тамақтану сапасын мониторингтау комиссиясы ай сайын мектеп асханасына тексеріс жасап, барлық жағдайды акт түрінде қағазға түсіріп отырады. Сәйкесінше фотоға түсіріліп, хаттама толтырылады. Әрбір айдың соңында тамақтану бойынша жүргізілетін есептер мен оқушылардың себепсіз сабақ босатқаны туралы есептері білім бөліміне тапсырылып отырылады.

2024-2025 оқу жылында әлеуметтік педагогтың жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаныштық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:

Оқу жылының басында сынып жетекшілерден алынған оқушылар туралы мәліметтер негізінде сыныптардың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Төмендегі кестеде 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік көрсеткіштеріне сараптама жасалынды:

Әлеуметтік мәртебесі	Толық отб.	Толық емес отб.	Анасы жоқ балалар	Әкесі жоқ балалар	Көп балалы отб.	Аз камтамасыз етілген отб.	Жетім балалар, ААҚ Қ	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар
2023-2024 оқу жылы	58	16	0	0	36	21	0	0
2024-2025 оқу жылы	83	13	0	0	15	13	0	0

Мектебіміздегі мүмкіндігі шектеулі оқушылардың өсу динамикасының жоғарғы көрсеткіші басқа мектептерден жаңа оқушылардың ауысып келуіне байланысты.

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы. Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен акпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Бүгінгі таңда осал топтағы әлеуметтік көмек, яғни тегін ыстық тамақтануға 1-11 сынып оқушылары арасынан 5 баланың ата-анасы өтініш білдірген. Оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алатын 3 бала, отбасы табысы күнкөріс деңгейінен төмен – 1 оқушы бар. Ал 1-4 сыныптар бойынша тегін тамақтанатын 47 оқушы, демеуші есебінен 1 оқушы тегін тамақтанумен камтамасыз етілген. Жалпы оқушылардың ыстық тамақпен камтылуы 100%.

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы.

Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық акпарат төмендегідей:

Мектепішілік есепте тұрғандар – 0.

Аудандық ІІБ есебінде тұрғандар – 0.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ак, осы мақсатта 20 - қарашасы күні 7-9 сынып оқушылары арасында «Конвенция күні» атты шара өткізілді.

Шараның мақсаты: адам құқықтарын қорғау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындалу қабілетін дамыту; оқушыларға адам құқығы, бала құқығы және оқушының міндеттері туралы түсініктер беру.

Бұл шараға жалпы 70 оқушы қатысты.

Шара барысында оқушылармен бала құқықтары туралы сұрақтар талданып, соңында осы тақырыпты қамтитын слайд көрсетілді.

Шара соңында оқушылар өздеріне қызығушылық тудырған сұрақтарға жауап ала алды.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.

Жетім және ААҚҚ оқушылардың алты ай сайынға есебі білім бөлімінің қамқоршылық және қорғаншылық бөліміне уақытылы тапсырылды.

Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырысында көпбалалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларды жыл сайынға аудан әкімінің шыршасына жіберу туралы мәселелер қабылданып, шешімдер шығарылды.

Өткен оқу жылында 4 оқушы осы шыршаға барса, биылғы жыл аудандық білім бөлімі жіберген тапсырыс(разнарядка) бойынша 2 оқушы жаңа жылдық мерекемен қамтылды.

№	Оқушының аты-жөні	сыныбы	жынысы	Куртка өлшемі	Әлеуметтік статусы
1	Дүйсен Айару	3	қыз	38	Көпбалалы отбасы
2	Нурсагитов Санжар	4	ұл	40	Көпбалалы отбасы

Биылғы жаңа жылдық мереке Талапкер ауылы ЖОБММ-де 27 желтоқсан күні болды. Балалар өте қуанышты көңіл-күймен мерекені тойлады.

Мектеп әкімшілігі мен басқа тұлғалардың өзара етене іс-қимыл жүргізу нәтижесінде мектебімізде асхана жұмысын тексеру мақсатында тамақтану сапасын мониторингтау (бракераж) комиссиясы жұмыс жасайды. *Білім беру ұйымындағы тамақтану сапасын мониторингтау (бракераж) комиссиясы жұмысы "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.*

Бұл комиссиясының асхананы тексеру АКТілері, отырыс хаттамалары мектеп сайтының «Мектептегі тамақтану» айдарына ай сайын орналастырылады және аудандық білім бөліміне де тапсырылып отырылады.

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей әке не анасымен тұратын оқушылар баса назарға алынып, мектептің психологиялық қолдау қызметі оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр.

Токсан сайынғы өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында өзекті мәселелер бойынша баяндама оқылды.

Ата-аналарға буллингтің алдын алу, мектептегі әлімжеттік бойынша жағнамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Атап айтсақ, «Мектептегі тамақтану. Дұрыс тамақтана білесіз бе?» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды. Сауалнама 8 сұрақтан тұрды.

Қатысқан оқушылар саны: 124

Қорытынды: мектеп оқушыларының сауалнама бойынша тағамға деген көз қарастары, тамақтану барысы, тамақтану адамның денсаулығын нығайтатындығы, санитарлық гигиеналық нормаға сай болуы туралы білетіндігі анықталды. Сауалнама қорытындысы

мынадай нәтиже көрсетті:

1 сұрақ: 100%

2 сұрақ : 13-42%

3 сұрақ: 23-88%

4 сұрақ: 11-42%

5 сұрақ: 11-42%

6 сұрақ: 21-80%

7 сұрақ: 23-88%


8 сұрақ: 17-65%

Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалынды.

Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз:

1. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп–ата–ана–оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;
2. Сынып жетекшілерге ата–анамен дұрыс–қарым–қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық тұрғыда қолдау көрсету;
3. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстарды цифрлық технологияларды қолдана отырып оңтайландыру.

Әлеуметтік педагог:



Қойлыбаева А.А.